

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP14871410 «Әлемдік рухани құндылықтар: Абай шығармашылығындағы адамзатты сүю идеясы»
Жоба өзектілігі	<p>Ғылыми жобада әлемдік рухани құндылықтар аясында Абай шығармашылығындағы адамзатты сүю идеясы талданады. Адамзаттық ақыл-ойдың дамуы қашанда адам болмысындағы ізгілік пен парасатты рухани құндылық ретінде анықтаған. Абай өлеңдерінің негізгі мазмұны - Адам, адамның бойындағы ізгілік пен адамгершілік. Қазақ сөзін ұстаған ойшылдың туғызған «толық адам» концепциясының басты құндылығы – жаратушыны сүю, адамзатты сүю. Осындай адамзаттық мәні бар ұстанымға жетудің басты жолы – ізгілік.</p> <p>Жобаның басты өзектілігі - «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» дейтін тағылым қалыптастырған Абай өлеңдерінің адамзаттық пассионарлық ерекшелігін талдап, әлемдік кеңістіктегі рухани құндылықтардың маңызы мен рөлін Қазақ ақынының поэзиясы арқылы когнитологиялық, логика-семантикалық, лингвофилософиялық тұрғыдан терең зерделеу.</p> <p>Қазіргі қоғамда болып жатқан әртүрлі өзгерістер Абай шығармаларын қайта зерделеп, ондағы адами рухани құндылықтарды күн тәртібіне шығаруды талап етуде. Абайдың «адамзаттың бәрін бауырым деп сүю» идеясы бүгінде концептуалды мәнге ие болды. Кез келген халыққа соғыс емес, бейбіт өмір керек. Сондықтан да Абай шығармаларындағы аталған идеяны ғылыми тұрғыдан бағалауды, «толық адам» ілімін мектеп пен ортадан жоғары және жоғары оқу орындарында оқытуды, қазақтың мәдени-рухани кодын жүйелейтін, негіздейтін Абай ілімдерін қайта зерттеу, насихаттау қажет екенін бүгінгі күннің шындығы қайта алға тартты. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін, - деп жазған болатын. https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy</p> <p>Абай поэзиясында адамзаттық рухани құндылық ерекше бейнеленген. Рухани және мәдени құндылықтар әлемінің ұлттық дүниетаным бойынша түсінігі қазақ топырағында Абай шығармалары арқылы туды. Француздың атақты ғалымы П. Липи енгізген, Э. фон Гартманның аксиологиялық қағидалары мен философиялық ұғымдар жүйесі Абай шығармаларында қазақы дүниетаным негізінде жазылды. Ғылыми жобада Абайдың басты құндылық ретінде туғызған «толық адам» тұжырымдамасы негізге алына отырып, оның әлемдік рухани мәдениетке «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» атаған идеясы ғылыми тұрғыдан зерделенеді, талданады. Абай көрсеткен ізгілік жолының құнды болуының мәні мен мағынасын тілдік бірліктердің терең семантикалық құрылымы арқылы саралау жұмыстың басты ерекшелігін танытады. «Адамзаттың бәрін сүю» рухани құндылығының лингвофилософиялық ерекшелігін, мәнін,</p>

	<p>рухани және мәдени танымдық өлшемін тіл білімі қағидалары арқылы талдау - ғылыми жобаның басты ерекшелігі деп есептеледі. Ғылыми жобада Абай поэзиясындағы Ұлы далаға тән қарапайымдылық, қонақжайлық, кеңпейілділік, намыс сияқты гуманизм идеялары зерттеліп, адамзатқа арнап сөз айту, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген далалық пассионарлық дүниетаным - лингвомәдени және лингвофилософиялық аспектіде талданады.</p> <p>Абайдың «толық адам» ілімінің негізі мынаған келіп саятыны белгілі: «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Осы аталған далалық ілімді әлемдік кеңістікте көрсету, таныстыру қажет. «Адамзаттың бәрін сүй» тұжырымдамасын жасап, оның аксиологиялық сипатын және Ұлы Далада бұрыннан қалыптасқан адамгершілік пен ізгіліктің басты тұжырымдамасының көрінісі екенін ғылыми-теориялық тұрғыдан бағалау- жобаның негізгі өзектілігін танытады.</p>
Жоба мақсаты	<p>Абай феноменін әлемдік кеңістікте танытудың басты көзі - адамзатты сүйу идеясы екенін ғылыми тұрғыдан терең зерделеп, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деген» концепциясының бүгінгі қазақ руханиятының басты тұжырымдамасына айналуының ғылыми негіздемесін жасау, сөз даналығының методологиялық және эстетикалық негізіне сүйеніп, поэтикалық мәтін арқылы берілетін ақпаратты Ұлы даланың дүниетанымы негізінде қалыптасқан гуманизм идеяларының көрінісі ретінде зерттеу.</p>
Жоба міндеттері	<p>Жобаның мақсатына сәйкес мынадай негізгі міндеттер қойылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлемдік тіл біліміндегі аксиологиялық құндылықтар туралы ғылыми қағидаларға шолу; - Абай поэзиясындағы рухани құндылықтарды саралау; - Абайдың «толық адам» концепциясының лингво-философиялық маңызын көрсету; - «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» идеясының ғылыми негіздерін анықтау; - Әлемдік рухани мәдениеттегі пассионарлық идеялар және Абай тағылымын зерделеу; - Абай шығармаларындағы ізгілік пен игілік концептін тілдік-когнитологиялық аспектіден зерттеу; - Мәтін семантикасы аспектісінен «толық адам» концепциясын анықтайтын тілдік бірліктерге ғылыми талдау; - Абай шығармашылығындағы бүтіндік – ой бүтіндігі екенін зерттеу; - «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ұғымына лингвомәдени талдау жасау; - «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» идеясының ғылыми тұжырымдамасын жасау.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<p>«Әлемдік рухани құндылықтар: Абай шығармашылығындағы адамзатты сүйу идеясы» атты ғылыми жобаның ғылыми нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әлемдік тіл біліміндегі аксиологиялық лингвистикаға қатысты ғылыми зерттеулерге ғылыми-теориялық талданады; • Аксиологиялық тіл білімінің басты қағидаларына сәйкес ойшыл Абай шығармашылығындағы басты аксиологиялық ұғымдар

талданғанда, ондағы концептер адамзаттық оймен ұштасады;

- Абайдың «толық адам» концепциясы басты құндылық ретінде логика-семантикалық, лингвофилософиялық аспектіден зерттелгенде, адамның зияткерлік қасиетін бағалаудағы талаптары көрінеді;
- Абай поэзиясының құндылығы – сөз қолданысындағы даралығы мен логикалық жүйелілігінде, ойдың нақтылығында, танымның адамзаттық көкжиек биігінде болуында;
- Абайдың «адамзатты сүю» идеясы адами құндылықтарды бағалауда Әлемдік деңгейде жазылған ғылыми теориялармен ұштасады;
- Абай шығармаларындағы ізгілік пен игілік концепті арқылы өрілетін нақты ой желісі ұлттың, елдің, халықтың бейнесін, дүниетанымдық болмысын танытады;
- Абайдың уақытқа тәуелсіз «толық адам» ілімінің негізгі қағидалары ұлттық кодты анықтаушы негізгі фактор;
- Даралық пен бүтіндіктің бір-біріне қатысын мәтіндік семантика деңгейінде зерттеу - мәтін табиғатын түсінудегі және қабылдаудағы мәнін анықтайды;
- «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ұғымы ұлттық дүниетанымның негізгі көрсеткіштерінің бірі. Онда ұлттық кодтың басты концептері: қонақжайлық, кеңпейілдік, ізгілік сияқты рухани құндылықтар жатады;
- Адамзаттың бәрін сүю идеясы - ақынның адамзаттық құндылыққа қосқан өлшеусіз үлесі деген концепция ұсынылады.

Календарлық жоспарға сәйкес Абайдың «толық адам» концепциясы басты құндылық ретінде логика-семантикалық және лингво-философиялық бағытта зерттелді. Тілдік, философиялық сөздіктердің көмегімен «толық адам» ұғымының лингвистикалық және философиялық мәні айқындалды. «Толық адам» ұғымының ойлау, даму, ізденіс, тану жолындағы маңызы Абай поэзиясындағы сөз қолданыстары арқылы талданды. Жиырмамыншы ғасырдың аяғындағы тіл ғылымы белгілі бір тілде сөйлеуші адам концептуалды жүйелердің тасымалдаушысы екенін зерделеді. Әрбір тұжырымдама адам үшін әлем туралы принципті маңызды білімді біріктіреді. Концептілер жүйесі адамның шындықты түсінуін, оның ерекше концептуалды «сызбасын» көрсететін дүние бейнесі құрайды, соның негізінде адам дүниені танып біледі.

Хакім Абай қазақ жеріндегі жеке ғылымның жоқ екендігіне қарамастан, «Адамтанудың» танымдық, аксиологиялық белгілері мен ізгілік мақсатын көрегендікпен айқындаған. «Толық адам» концепциясында адамгершілік өлшем бар деп танымыз. Адамның ақыл-парасатын жетілдіретін құндылық ретінде білу, ғылым бағу ұғымдары Абай шығармалары негізінде қарастырылды.

Абайдың «адамзатты сүю» идеясы адами құндылықтарды бағалауда Әлемдік деңгейде жазылған ғылыми теориялармен ұштасты; Әлемдік рухани мәдениеттегі пассионарлық идеялар және Абай тағылымы зерделенді. Абай шығармашылығы - ұлттың рухани даму жолының бастау алгоритмі ретінде танылды. Абай – ұлттық дүниетаным көкжиегін адамзаттық деңгейде кеңейтуші, Абай - аппақ қар үстінде жосылып жатқан айқын із сияқты жаңалыққа бағыттаушы, Абай - бүтін бітім болуға, толық адам болуға жөн сілтеуші, Абай -

	<p>қазақ сөзінің құдыретін танытушы данышпан, Абай сөзі – даналық әлемі деген тағылымдары жан -жақты қарастырылды. Абайдың идеялары Сократ, Аристотель, Әл-Фараби, Кант ойларымен салыстырылып, жеке тарауша жазылды. Абай тұлғасындағы ілім тұтастығы әлемдік рухани мәдениеттегі пассионарлық идеялармен сабақтас екені дәлелденді. Жақсы менен жаманды ажырата білу тұрғысынан ұлы тұлғалардың ойы ұштасып жатыр.</p> <p>Абай шығармаларындағы ізгілік пен игілік концепті көптеген өлеңдері негізінде лингвофилософиялық, лингвопсихологиялық бағытта талданды. Абай дүниетанымы бойынша Түркияде «Айдын» университетінде, Бакуде «Жас жазушылар халықаралық бірлестігінде», Түркістанда «Қазақ Түрік» университетінде, Әл Фараби университетінде дәрістер оқылды.</p> <p>Әл-Фараби университетінің филология факультетінде «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» деген арнаулы курсы енгізіліп, оқытылып жатыр.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Салқынбай Анаркүл Бекмырзақызы - Филология ғылымдарының докторы, профессор. Author ID 57194275048, ORCID ID: 0000-0003 2334-7499, ResearcherID: N-9646-2014 2. Рамазанова Шайгүл Әмірғалиқызы, филол.ғ.к., доцент. ORCID ID: 0000-0001-9071-4872, Scopus Author ID 57194268480 3. Нурбеков Талғат Балтабекович, PhD-докторант. ORCID ID: 0000-0001-9141-5620 4. Каспихан Бауыржан Каспиханұлы, PhD-докторант. ORCID ID: 0000-0002-4676-5354, Scopus Author ID 58619339200 5. Масек Назерке – магистрант. ORCID ID: 0009-0001-0653-8202 6. Камызанова Балжан ORCID ID: 0000-0002-7760-5564
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p style="text-align: center;">2022 жылғы ғылыми зерттеулер нәтижесі:</p> <p>ККСОН:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Абай шығармаларындағы «ҒЫЛЫМ» концепті: когнитивті-прагматикалық ерекшелігі http://journals.dulaty.kz/kk/zh-n-mer/dulaty-university-kh-b-rshysy <p>Отандық БАҚ-та жарияланған имидждік мақалалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Ұлттық құндылық – таным гармониясы». Ақиқат, 17 желтоқсан, 2022. https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11892 2. Ақымет зерттеулерінің түркітанудағы өміршеңдігі қахында https://massaget.kz/layfstayl/bilim/habarlandyru/75519/ 3. Түркітанушылар Ташкентте бас қосты, Қазақ университеті, 2022 https://www.kaznu.kz/kz/3/news/one/29268/ <p>Шет елдік имидждік жарияланымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналып ұйымдастырылған іс

шаралар туралы, ҚазҰУ да жарияланған 3-томдық еңбек туралы бейне жазба. Анкара, Хаджи Байрам Вели университеті (сілтеме салынды)

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0bQh1q3NYyD7WgyFecsCiMGi9

[UmdksfnH1Gzik5UhuTgNb1C2BvauNxqFMyGcuJsol&id=1584915794&mibextid=0cALm](https://umdk.sfn.h1.gzik.5.uhu.tg.nbl.c2bvau.nxqfmy.gcu.jsol&id=1584915794&mibextid=0cALm)

е

2. «Абай шығармашылығының алтын қазығы: Адамды сүю». Материалы 1-й Международной научной конференции «Научно-поисковые и академические письма» (26-27 января 2023 г.). Варшава, Польша, Международный, ПОЛЬША, Варшава,

<https://ojs.publisher.agency/index.php/RRAL/issue/view/15>

3. КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ, QAZAQ .DEBIYETINI .ZEKTI M.SELELERI

file:///C:/Users/leap/Downloads/+Kazak%20Edebiyetinin%20A%CC%83_zekti%20Meseleleri.pdf

2023 ЖЫЛҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІ:

1. Салқынбай А.Б., Сәрсенбай Ж.А. Қазіргі қолданыстағы тілдік үрдістер: норма мен узустық ерекшеліктер. ӘЛ-ФАРАБИ атындағы Қазақ ұлттық университеті, ҚазҰУ Хабаршысы Филология сериясы. №1 (189). Алматы, «Қазақ университеті». 2023. 90-100 б.

2. Салқынбай А.Б. «Абай шығармашылығының алтын қазығы: Адамды сүю» Материалы 1-й Международной научной конференции «Научно-поисковые и академические письма» (26-27 января 2023 г.). Варшава, Польша, уровень Международный, ПОЛЬША, Варшава, 26.01.2023-27.01.2023

<https://ojs.publisher.agency/index.php/RRAL/issue/view/15>

3. Салқынбай А. Б. Қамызанова Б. Абай шығармаларындағы «ғылым» концепті: когнитивті-прагматикалық ерекшелігі.

<http://journals.dulaty.kz/kk/zh-nmer/dulaty-university-kh-b-rshys>

4. Salkynbay A. SPIRITUAL VALUE IN ABAI'S WORKS 8th International

New York Conference On Evolving Trends In Interdisciplinary Research & Practices

5. Salkynbay A. ABAI'S NOETIC LEGACY: A LINGU-PHILOSOPHICAL PARADIGM «Foundations and Trends in Modern Learning» (January 12-13, 2023). Berlin, Germany. 2016-224 с.

6. Рамазанова Ш. Абай жолы: өмірлік және көркемдік шындық. «Қазақ

университеті». – Алматы, 2023. 5-б.

7. Масек Н.М. Абай өлеңдеріндегі тілдік бірліктердің психолінгвистикалық сипаты. «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы бағдарламасы. АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН, 6 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ. 200 б.

8. Қамызанова Б.Қ., Салқынбай А.Б. Абай шығармаларындағы «ғылым» концепті // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

	<p>материалдары. Алматы, Қазақстан, 6-сәуір, 2022 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – Б. 377.</p> <p>9. Қамызанова Б.Қ., Салқынбай А.Б. Абай шығармаларындағы ғалым адамның концептуалды бейнесі // «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 6-сәуір, 2023 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – Б. 365 б.</p> <p>10. Қамызанова Б.Қ., Салқынбай А.Б. Абай шығармаларындағы «ғалым» ұғымының мәні // «Қазақ тілін зерттеудің және оқытудың өзекті мәселелері» атты конференция материалдары. - Алматы, 2023.</p> <p>11. Салқынбай А.Б. Сарсенбай Ж. Языковое применение в социальной сети: норма и узус.</p> <p>12. Алматы, Абылайхан университеті. Филология сериясы Том 70 № 3 (2023) https://bulletinphilology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/991https://bulletinphilology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/44</p> <p>13. Абай чығармачылығы -казак руханий маданиятынын туу чокусу. Түрк тилдүү элдердин эл аралык тил форуму. Бишкек. 20-22 сентябрь. 2023</p> <p>14. Қамызанова Б.Қ., Салқынбай А.Б. Абай шығармаларындағы «ҒЫЛЫМ» концепті: когнитивті-прагматикалық ерекшелігі // Dulatory University Хабаршысы, №1 (09) Қаңтар-наурыз, 2023ж.</p> <p>15. Қамызанова Б.Қ., Салқынбай А.Б. Абай шығармаларындағы «Артық білу» ұғымы // Көрнекті ғалым, ф.ғ.д., профессор Жанұзақ Телқожа Сейдінұлының 95 жасқа толуына арналған «Түркі ономастикасы: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 248 б.</p> <p>16. Sarsenbay, Z., Salkynbay, A., Ramazanova, S., Alimtayeva, L., Kaspikhan, B. Modern Kazakh Language Trends: Norms and Usus Features //International Journal of Society, Culture and Language, 2023, 11(3), б. 188–2017. Q1</p> <p>17. Абай сөзінің даналығы. Оқу құралы. 209 бет. «Қазақ университеті» Баспада.</p>
Патент туралы ақпарат	-